

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № 463 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 285 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 18 тамызда № 15512 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-152 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 117 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 02.12.2022 № ҚР ДСМ-152 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.12.2022 № 117 бірлескен бұйрығымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 141-бабының 2-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы: осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес амбулаториялық-емханалық және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілеріне;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес дәрілік заттарды дайындау объектілеріне;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы сақтау, көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілеріне;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес дәстүрлі және халық медицинасы (емшілік) объектілеріне;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсететін денсаулық сақтау объектілеріне;

осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту объектілеріне;

осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілеріне;

осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес стоматологиялық қызмет көрсететін объектілерге;

осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес сот медицинасы және патологиялық анатомия саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау объектілеріне;

осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау объектілеріне;

осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілерге;

осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес балалардың сауықтыру және санаторлық (жыл бойғы, маусымдық) объектілеріне;

осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес компьютерлер (дербес компьютерлер, планшетті дербес ноутбуктер) және бейнетерминалдар (компьютер клубтары) арқылы халыққа қызмет көрсету объектілеріне;

осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес білім беру объектілеріне;

осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерін өндіретін, қайта өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілеріне;

осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне;

осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес көтерме және бөлшек сауда объектілеріне;

осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға және көлік құралдарына (теміржол, су, әуе); иондаушы сәулелену көздерін, қауіпті химиялық және уытты жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға және көлік құралдарына (теміржол, автомобиль, су және әуе);

осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес көлік құралдарына (әуе, теміржол, су, автомобиль) және жолаушыларға қызмет көрсету объектілеріне;

осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес радиациялық қауіпті объектілерге;

осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес көліктегі (теміржол, әуе, су және автомобиль) қоғамдық тамақтану объектілеріне, борттық тамақтану объектілеріне;

осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес парфюмерлік-косметикалық өнімдерді және гигиена құралдарын өндіру, сақтау және өткізу объектілеріне;

осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес адамдар уақытша тұратын объектілерге;

осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілеріне (мәдени-ойын-сауық объектілері, тұрғын үй және әкімшілік ғимараттар, тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды, кеңселерді пайдалану ұйымдары, үйлерді басқаратын ұйымдар, үй-жай иелерінің кооперативтері);

осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес кәрізді (оның ішінде жауын-шашын кәрізін) тазарту құрылыстарына және желілеріне;

осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес өндіру және тұтыну қалдықтарын орналастыру, залалсыздандыру, көму полигондарына;

осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес спорттық-сауықтыру мақсатындағы объектілерге, бассейндерге, моншаларға, сауналарға, кір жуу, химиялық тазарту орындарына;

осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес 2-санаттағы су объектілеріне (мәдени-тұрмыстық мақсаттағы), демалыс орындарына (жағажайларға);

осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес емдеу-косметологиялық объектілеріне, сұлулық салондарына, косметологиялық орталықтарға, шаштараздарға;

осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес су көздеріне, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға арналған су жинау орындарына, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелеріне;

осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес жерлеу мақсатындағы объектілерге, бейіттерге, саябақтарға, қоғамдық дәретханаларға;

осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес өндірістік мақсаттағы, технологиялық процестер мен жабдықтар, жылыту, жарықтандыру, желдету және ауаны баптау, сумен жабдықтау, су бұру және өндірістік объектілерде (оның ішінде көлік объектілерінде) өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату ғимараттарына, құрылыстары мен үй-жайларына;

осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес мұнай операцияларын жүзеге асыратын технологиялық және ілеспе объектілер мен құрылыстарға;

осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес радиотехникалық объектілерге және радиоэлектрондық құралдарға;

осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және пайдалануға енгізу кезінде өндірістік мақсаттағы объектілерге, ғимараттар мен құрылыстарға;

осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес көмір өнеркәсібінің өндірістік мақсатындағы объектілеріне, ғимараттары мен құрылыстарына;

осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес химиялық өнеркәсіптің өндірістік мақсатындағы объектілеріне, ғимараттары мен құрылыстарына;

осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес түрлі-түсті металлургия және тау-кен өнеркәсібінің өндірістік мақсатындағы объектілеріне, ғимараттары мен құрылыстарына;

осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес зертханалардың барлық түрлеріне;

осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес арнайы тамақ өнімдерін сақтау және (немесе) өткізу объектілеріне;

осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес дәрілік заттарды, вакциналар мен басқа да иммундық-биологиялық препараттарды, дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын сақтау және тасымалдау объектілеріне;

осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес инфекциялық аурулардың таралуына байланысты карантин және шектеу шаралары енгізілген жағдайда мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерге қойылатын талаптары бар тексеру парақтары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.07.2020 № ҚР ДСМ-77/2020 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.07.2020 № 52 бірлескен бұйрығымен.

2. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 804 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12725 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 22 қаңтарда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

Т. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің төрағасы

_____ Б. Мусин
2017 жылғы 21 шілде

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 20 шілдедегі
№ 285
және Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2017 жылғы 27 маусымдағы
№ 463 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

**Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел
дәрежесін бағалау өлшемшарттары
1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 141-бабына және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 21-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.10.2018 № ҚР ДСМ-30 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3. Тексерулерді тағайындау халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органы әзірлейтін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары негізінде жүзеге асырылады.

4. Осы Өлшемшарттарда келесі анықтамалар қолданылады:

1) елеулі бұзушылықтар – осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларына сәйкес елеусіз және өрескел бұзушылықтарына жатпайтын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының бұзушылықтары;

2) елеусіз бұзушылықтар – оларды сақтамау халық денсаулығы үшін формалді жол берілген елеусіз салдарларға алып келген және (немесе) алып келуі мүмкін, бірақ халыққа елеулі зиян келтірмеген санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының бұзушылықтары;

3) өрескел бұзушылықтар – оларды сақтамау халықтың денсаулығы үшін ауыр салдарларға алып келген және (немесе) алып келуі мүмкін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ҚР заңнамасын қасақана немесе айқын және елеулі бұзушылықтары;

4) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тәуекел – тексерілетін субъектінің (объектінің) қызметі нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

5) эпидемиялық маңызы бар объектілер – өндіретін өнімі және (немесе) қызметі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылған кезінде халық арасында тамақтан уланулардың және (немесе) инфекциялық, паразиттік аурулардың пайда болуына алып келуі және (немесе) өнеркәсіптік және радиоактивті ластану халықтың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін объектілер.

5. Өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары

6. Бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) екі тәуекел дәрежесі: жоғары тексерулердің кезеңділігін көрсете отырып және жоғары дәрежеге жатқызылмаған бойынша бөлінеді, осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға (бұдан әрі - 1-қосымша) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.10.2018 № ҚР ДСМ-30 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

7. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.10.2018 № ҚР ДСМ-30 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объект тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестесі бекітілгеннен кейін пайдалануға қабылданған жағдайда, ол 1-қосымшаға сәйкес тексеру кезеңділігімен келесі жартыжылдыққа арналған тексерулер жүргізу кестесіне енгізіледі.

9. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған объектілерге қатысты жоспардан тыс тексерулер ғана жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.10.2018 № ҚР ДСМ-30 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

10. Субъективті өлшемшарттар тексерілетін адал субъектілерді (объектілерді) ерекше тәртіп бойынша тексеру жүргізуден босату түрінде оларды көтермелеу қағидатын іске асыру мақсатында әзірленген.

11. Егер субъектіде (объектіде) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізілсе, сәйкестігі туралы қорытындыларымен аудиторлық есеп ұсынылса, онда субъект (объект) мерзімі 12 айдан асырмай тексерулерден босатылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.10.2018 № ҚР ДСМ-30 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

12. Егер өткен күнтізбелік жыл (жартыжылдық) ішінде субъект (объект) тексерілмесе, ол алдыңғы күнтізбелік жыл (жартыжылдық) нәтижелері бойынша айқындалған топта қалдырылады.

13. Бір субъектіге (заңды тұлғаға) жатқызылатын эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілердің тәуекел тобын айқындау әрбір объект үшін жеке жүргізіледі.

14. Бақылау және қадағалау объектілеріне тексеру жүргізу кестесін жасау ең аз қажеттілік және жеткіліктілік, тексерілетін адал субъектілерді көтермелеу, бақылау мен қадағалауды бұзушыларға аудару қағидаттарын ескере отырып жасалады.

15. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың бұзушылық дәрежесіне бөлу тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарына осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде тексерілетін субъектіге 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты ерекше тәртіп бойынша тексеру жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және елеусіз бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_3 = (\Sigma P_2 \cdot x \cdot 100 / \Sigma P_1) \cdot x \cdot 0,7$$

мұндағы:

ΣP_3

– елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

ΣP_1

– талап етілетін елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

ΣP_2

– анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Елеусіз бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_H = (\Sigma P_2 \cdot x \cdot 100 / \Sigma P_1) \cdot x \cdot 0,3$$

мұндағы:

ΣP_H

– елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші;

ΣP_1

– талап етілетін елеусіз бұзушылықтардың жалпы саны;

ΣP_2

– анықталған елеусіз бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$\Sigma P = \Sigma P_3 + \Sigma P_H$$

мұндағы:

ΣP

– тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

ΣP_3

– елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

ΣP_H

– елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект (объект):

1) тәуекел дәрежесі 0-ден 60-қа дейінгі көрсеткіш кезінде - реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленген келесі жартыжылдыққа жартыжылдық кестелер негізінде тексерулерді жүргізудің ерекше тәртібінен босатылады;

2) тәуекел дәрежесі 61-ден бастап 100-ге дейінгі көрсеткіш кезінде - жартыжылдық кестелер негізінде тексерулерді жүргізудің ерекше тәртібінен босатылмайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.10.2018 № ҚР ДСМ-30 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

16. Тексеру жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылған халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың бұзушылықтары бар, тәуекел дәрежесі көрсеткішін 60 дейін алған тексерілетін субъект (объект) бұзушылықтарды жою мерзімі аяқталғаннан кейін анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның орындалуын бақылау мақсатында жоспардан тыс тәртіппен тексеріледі.

Егер анықталған талаптардың бұзушылықтары жойылмаған жағдайда, тексерілетін субъект (объект) тексеру жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылмайды.

"Халықтың санитариялық-
эпидемиологиялық
саламаттылығы саласында
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

**Бақылау субъектілерін (объектілерін) бөлу, тексерулердің және зертханалық-аспаптық зерттеулердің базалық кезеңділігі
Эпидемиялық маңыздылығы өрескел субъектілер (объектілер) (ерекше тәртіп бойынша тексерілуге жататын)**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.10.2018 № ҚР ДСМ-30 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 №

44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

| р/с № | Субъектілердің (объектілердің) түрлері | Тексерулердің және зертханалық-аспаптық зерттеулердің кезеңділігі |
|-------|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Балалар сүт асүйлері | Жартыжылда 1 рет |
| 2 | Барлық түрдегі мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілері | Жартыжылда 1 рет |
| 3 | Балалар мен жасөспірімдер тұратын барлық түрдегі және типтегі білім беру және тәрбиелеу объектілері | Жартыжылда 1 рет |
| 4 | Ұйымдастырылған ұжымдардағы (мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарындағы, интернат ұйымдарындағы, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарындағы , вахталық кенттердегі, құрылыс алаңдарындағы, өнеркәсіптік объектілердегі) қоғамдық тамақтану және сауда объектілері | Жартыжылда 1 рет |
| 5 | Кремді кондитерлік бұйымдарды өндіру объектілері | Жартыжылда 1 рет |
| 6 | Дәрілік заттарды дайындау объектілері | Жартыжылда 1 рет |
| 7 | Көліктегі (теміржол, әуе, су және автомобиль) қоғамдық тамақтану объектілері, борттық тамақтану объектілері | Жартыжылда 1 рет |
| 8 | Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар және көлік құралдары (теміржол, су, әуе) | Жартыжылда 1 рет |
| 9 | Радиациялық қауіпті объектілер | Жартыжылда 1 рет |
| 10 | Тері және шырышты қабаттарының бұзылуымен қызмет көрсететін емдеу-косметологиялық объектілер, сұлулық салондары, косметологиялық орталықтар, соның ішінде татуаж және татуировка бойынша қызметтер | Жартыжылда 1 рет |
| | Мынадай: стационарлық медициналық көмек көрсететін, оның ішінде наркология (наркологиялық ауруханалар мен диспансерлер) | |

| | | |
|----|--|------------------|
| 11 | және психиатрия (психиатриялық ауруханалар мен диспансерлер) бойынша; амбулаториялық-емханалық, консультативтік-диагностикалық көмек көрсететін; қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын; стоматологиялық қызметтерді көрсететін объектілер денсаулық сақтау объектілері | Жартыжылда 1 рет |
| 12 | Медициналық-әлеуметтік оңалту объектілері | Жылына 1 рет |
| 13 | Балалар мен жасөспірімдер тұрмайтын білім беру объектілері, білім беру объектілерінің жатақханалары | Жылына 1 рет |
| 14 | Тәрбиелеу мен білім берудің арнайы, түзету кабинеттері, оңалту орталықтары | Жылына 1 рет |
| 15 | Отыратын орын саны 50-ден асатын тамақ өнімдерін өндіретін, қайта өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілері | Жылына 1 рет |
| 16 | Сүт өңдеу объектілері, дайын сүт өнімдерін өндіру объектілері | Жылына 1 рет |
| 17 | Ет өңдеу объектілері, еттің жартылай фабрикаттарын және/немесе дайын ет өнімдерін өндіру объектілері | Жылына 1 рет |
| 18 | Балық өңдеу объектілері, балықтың жартылай фабрикаттарын және/немесе дайын балық өнімдерін өндіру объектілері | Жылына 1 рет |
| 19 | Құс өңдеу объектілері, құс етінің жартылай фабрикаттарын және/немесе құс етінің дайын өнімдерін өндіру объектілері | Жылына 1 рет |
| 20 | Май өнімдерін өндіру объектілері | Жылына 1 рет |
| 21 | Алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді, сыйымдылықтарға өлшеп-құйылған ауыз суды (оның ішінде минералды) өндіру объектілері | Жылына 1 рет |
| 22 | Жемісті қайта өңдеу объектілері, өсімдіктен алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде соя өнімдерін қайта өңдеу объектілері | Жылына 1 рет |
| | | |

| | | |
|----|---|--------------|
| 23 | Арнайы тамақ өнімдерін өндіру, сақтау және (немесе) өткізу объектілері | Жылына 1 рет |
| 24 | Аспаздық және йодталған тұзды өндіру объектілері | Жылына 1 рет |
| 25 | Ұн тарту объектілері | Жылына 1 рет |
| 26 | Нан және нан-тоқаш өнімдерін пісіру объектілері; | Жылына 1 рет |
| 27 | Қант өндіру объектілері; | Жылына 1 рет |
| 28 | Тамақ өнімдерін көтерме сақтау және (немесе) өткізу объектілері | Жылына 1 рет |
| 29 | <p>Өндірістік объектілердің санитариялық сыныптамасына сәйкес 1 және 2 қауіптілік сыныптарына жататын қызмет түрлері (химиялық өндірістер, металлургиялық, машина жасау және металл өңдеу объектілері, кен, кенсіз қазбаларды, табиғи газ және мұнай өндіру, мұнай өңдеу өнеркәсібі, құрылыс өнеркәсібі және құрылыс материалдары өнеркәсібі, 1 және 2 қауіптілік сыныбының қатты тұрмыстық қалдықтарын және уытты өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, залалсыздандыру, көму полигондары, сағатына 120 және одан астам килограмм медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, шығару, сұрыптау, қайта өңдеу, зарарсыздандыру, кәдеге жарату (өртеу) объектілері, минералды отынды жағу кезіндегі электр және жылу энергия өндірісі, жиілігі 30 килогерц - 300 гигагерц диапазонда жұмыс істейтін стационарлық таратушы радиотехникалық объектілері, радиобайланыс, радиохабар, телевизия, радиолокация және радиобасу объектілері, 3-30 мегагерц диапазондағы радио әуесқойлық радиостанциялары антенналары, 100 ваттан астам 1000 ватты қоса алғандағы тиімді сәулеленетін қуаты бар жиілігі 26,5-27,5 мегагерц азаматтық диапазондағы радиостанциялар, 1000-нан 5000 ватқа дейін тиімді сәулеленетін қуаты бар радио әуесқойлық радиостанциялары</p> | Жылына 1 рет |

| | | |
|----|---|--------------|
| | антенналары және азаматтық диапазон радиостанциялары, спутниктік байланыстың жердегі стационарлық станциялары, таратқыш қуаты 2 ваттан астам WLL-диапазондағы құрылғылар (сымсыз абоненттік қолжетімділік) | |
| 30 | Химиялық заттар мен өнімдерді, агрохимикаттарды және пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қоймалар, вакциналар мен басқа да иммундық-биологиялық препараттарды, дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын сақтау және тасымалдау объектілері | Жылына 1 рет |
| 31 | Спорт-сауықтыру мақсатындағы объектілер, бассейндер, сыйымдылығы 20 орын және одан асатын моншалар мен сауналар | Жылына 1 рет |
| 32 | Вахталық кенттер | Жылына 1 рет |
| 33 | 2-санаттағы су объектілері (мәдени-тұрмыстық мақсаттағы), демалыс орындары (жағажайлар) | Жылына 1 рет |
| 34 | Су көздері, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін су жинау орындары | Жылына 1 рет |
| 35 | Қызмет көрсететін халқының саны 2 мың адамнан асатын орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері | Жылына 1 рет |
| 36 | Орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері | Жылына 1 рет |
| 37 | Сауықтыру және санаторий объектілері (маусымдық, жыл бойғы), демалыс базалары мен орындары | Жылына 1 рет |
| 38 | Патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдермен және гельминттермен жұмыс істейтін зертханалар | Жылына 1 рет |

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмаған субъектілер (объектілер)

| | |
|---|---|
| 1 | 2 |
| | |

| | |
|----|--|
| 1 | Техникалық, кәсіптік оқыту, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру объектілері |
| 2 | Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын, дене тәрбиесін және шығармашылық қабілеттерін дамыту объектілері (қосымша білім беру мекемелері), балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталықтары, музыка, спорт және көркемсурет мектептері, балалар-жасөспірімдер орталықтары, аулалық клубтар, жас натуралистер станциялары, оқу-өндірістік комбинаттар және басқа да мектептен тыс ұйымдар |
| 3 | Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдерді дайындау, сақтау және өткізу жөніндегі объектілер(аяқкиім, киім, ойыншықтар) |
| 4 | Компьютерлер (дербес компьютерлер, планшетті дербес компьютерлер, ноутбуктер) және бейнетерминалдар (компьютер клубтары) арқылы халыққа қызмет көрсету жөніндегі объектілер |
| 5 | Отыратын орын саны 50 және одан кем тамақ өнімдерін өндіретін, қайта өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілері |
| 6 | Көлік құралдарына(теміржол, автомобиль, су және әуе) және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілер |
| 7 | Тамақ өнімдерін автоматты түрде дайындауға және өткізуге арналған аппараттар |
| 8 | Кремсіз кондитерлік өнімдерді өндіру жөніндегі объектілер |
| 9 | Ұнның жартылай фабрикаттарын, макарон өнімдерін өндіру жөніндегі объектілер |
| 10 | Чипсілер, кепкен нан, жүгері таяқшалары, казинак, шемішке, құрғақ таңғы ас, слайстар, қант мақтасы, поп-корн, қуырылған жаңғақтар өндіру жөніндегі объектілер |
| 11 | Дайын тамақ өнімдерін өлшеп орау жөніндегі объектілер |
| 12 | Тамақ концентраттарын және тамақ қышқылдарын өндіру жөніндегі объектілер |
| 13 | Шай, ашытқы және желатин өндіру жөніндегі объектілер |
| 14 | Крахмал-сірне өнімдерін, крахмал өндіру жөніндегі объектілер |
| 15 | Сот медицинасы және патологиялық анатомия саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау объектілері |
| 16 | Денсаулық сақтау, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту объектілері |
| | |

| | |
|----|--|
| 17 | Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы сақтау, көтерме және бөлшек өткізу объектілері |
| 18 | Денсаулық сақтау, жеделмедициналық жәрдем және санитариялық авиация объектілері |
| 19 | Апаттар медицинасы денсаулық сақтау объектілері |
| 20 | Паллиативтік көмекті және мейірбике күтімін көрсететін денсаулық сақтау объектілері |
| 21 | Дәстүрлі және халық медицинасы (емшілік) объектілері |
| 22 | Дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдары мен препараттарын, вакциналар мен басқа да иммундық-биологиялық, диагностикалық препараттарды дайындау, өндіру, өңдеу, сондай-ақ оларды пайдаланумен байланысты жұмыстар мен қызметтер түрлерін көрсету жөніндегі объектілер |
| 23 | Шаштараздар, сұлулық салондары, тері және сілемейлі қабықты бұзбастан косметикалық қызметтер көрсететін косметологиялық орталықтар |
| 24 | Спорт-сауықтыру мақсатындағы объектілер, сыйымдылығы 20 орынға дейінгі моншалар, сауналар |
| 25 | Әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілері (мәдени-ойын-сауық объектілері, зираттар, жерлеу мақсатындағы объектілер, адамдар уақытша тұратын объектілер (қонақүйлер, мотельдер, кемпингтер, жатақханалар), әкімшілік, тұрғын үй (тұрғын үйлер) ғимараттары, тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды, кеңселерді, ұйымдарды пайдалану жөніндегі ұйымдар, үй басқарушылары, үй-жайлар иелері кооперативтері, қоғамдық дәретханалар, кір жуу, химиялық тазарту орындары, тазарту құрылыстары және өзгелері) |
| 26 | Қызмет көрсетілетін халықтың саны 2 мың адамға дейінгі орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері |
| 27 | Су құбырлары, кәріз, жылу жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі объектілер, қазандықтар |
| 28 | Кәріз (оның ішінде жауын-шашын кәрізін) тазарту құрылыстары мен желілері |
| | Өндірістік объектілердің санитариялық сыныптамасына сәйкес қауіптілігі 3-5-сыныпқа жататын қызмет түрлері (химиялық өндіріс, металлургия, машина жасау және металл өңдеу объектілері, кен, кенді емес қазбаларды, табиғи газды өндіру, құрылыс өнеркәсібі, қауіптілігі 3 және 4-сыныптағы өндіру және тұтынудың ұйымды қалдықтарын орналастыру, зарарсыздандыру, көму бойынша полигондар, сағатына 120 килограммға дейін және одан артық медициналық қалдықтарды |

| | |
|----|--|
| 29 | жинау, сақтау, тасымалдау, жою, сұрыптау, өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату (өртеу) бойынша объектілер, минералды отынды жаққан кездегі электр және жылу энергиясы өндірісі, байланыс объектілері және радиотехникалық объектілері (27-2400 МГц жиіліктер диапазонындағы жер бетіндегі жылжымалы радиобайланыс (радиостанция) құралдары, көлік құралдарында (ұшу папараттары, теңіз және өзен кемелері, поездар), 2 Вт-қа дейінгі тарату қуаттылығымен WLL-диапазон құрылғысы), ағаш өңдеу, тоқыма өндірісі және жеңіл өнеркәсіп өндірісі, автожанармай құю станциялары) |
| 30 | Саябақтар |
| 31 | Иондаушы сәулелену көздері бар радиациялық объектілер, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалар талаптарында көзделгендерден төмен ең аз мәнді белсенділігі бар радиоактивті қалдықтар |
| 32 | Тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз суды, қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар және көлік құралдары (теміржол, автомобиль, су және әуе) |
| 33 | Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді, гигиена құралдарын сақтауға арналған қоймалар |
| 34 | Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді және гигиена құралдарын өндіретін объектілер |
| 35 | Тамақ өнімдерін қоспағанда, көтерме және бөлшек сауда объектілері, азық - түлік базарлары |
| 36 | Патогендігі I-IV топтағы микроағзалармен және гельминттермен жұмыс істейтін зертханаларды қоспағанда барлық зертханалар түрлері |

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

| р/с № | Талаптардың атауы | Бұзушылық дәрежесі |
|-------|---|--------------------|
| 1 | Амбулаториялық-емханалық көмек, консультативті-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілері | |
| | Объектіге санитариялық-эпидемиол | |

| | | |
|---|---|---------|
| 1 | огиялық қорытындының болуы. Объектінің қызмет түрлері мен қуаты бойынша сәйкестігі. | өрескел |
| 2 | Қоқысты жинауға арналған жапқыштары бар контейнерлерді орнатуға арналған оқшаулы алаңның болуы | елеусіз |
| 3 | Аумақты функциялық аймақтандыру режимін сақтау | елеулі |
| 4 | Ақаусыз ыстық және суық сумен қамтамасыз ету жүйелерінің болуы. Орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету болмаған кезде үзіліссіз жұмыс істейтін су қыздырғыштардың болуы | өрескел |
| 5 | Ақаусыз су бұру, кәріз жүйелерінің болуы. Кәріздендірілмеген және ж а р т ы л а й кәріздендірілген елді мекендерде жергілікті және шығарылатын тазалау жүйелерінің болуы | өрескел |
| 6 | Ақаусыз жергілікті және жалпы жасанды жарық жүйелерінің болуы | өрескел |
| 7 | Желдету, ауа баптау, жылумен қамтамасыз ету жүйесінің ақаусыз күйде болуы | өрескел |
| 8 | Желдету және ауа баптау ж ү й е с і н е профилактикалық қарап тексеруді, жөндеуді, тазалауды және дезинфекцияны жүргізудің бекітілген кестесінің және растаушы құжаттардың болуы. | өрескел |
| 9 | Үй-жайларда микроклимат параметрлерін сақтау | өрескел |
| | | |

| | | |
|----|--|---------|
| 10 | <p>Үй-жайларды құруға, күтіп ұстауға, жинақтауға және аймақтандыруға қойылатын талаптарды сақтау.</p> <p>Жүкті әйелдерді және дене қызуы бар науқастарды жеке қабылдаудың болуы</p> | өрескел |
| 11 | <p>Үй-жайлардың ішкі әрлеу жағдайы. Жабынды ақауларының болуы және уақытылы жойылуы</p> | өрескел |
| 12 | <p>Жарамсыз жабдықты, санитариялық-техникалық құралдарды, аппаратураны, құрал-сайманды қолдануға жол бермеу.</p> | өрескел |
| 13 | <p>Қақырықты жинау үй-жайының санитариялық нормативтерге сәйкес жабдықталуы, қақырықты жинау және зерттеуге жеткізу қағидаларын сақтау</p> | өрескел |
| | <p>Иондаушы сәулелену көздерімен (бұдан әрі – ИСК) жұмыс жасау тәртібін регламенттейтін нормативтік-басқарушы құжаттардың болуы және сәйкестігі және радиациялық қауіпсіздікті сақтау:</p> <p>1) радиациялық қауіпсіздік бойынша нұсқаулық;</p> <p>2) радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереже (радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға туралы);</p> <p>3) апаттық жағдайларда персоналдың іс-қимылы бойынша нұсқаулық;</p> <p>4) ықтимал апаттарды ескерту және жою бойынша нұсқаулық және жоспар;</p> | |

| | | |
|----|--|---------|
| 14 | <p>5) персоналды және халықты радиациялық апаттан және оның салдарынан қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (I-II санаттағы радиациялық-қауіпті объектілер үшін);</p> <p>6) ИСК-мен жұмысқа рұқсат етілген бекітілген тұлғалар тізімі ("А" және "Б" тобының персоналы);</p> <p>7) радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық;</p> <p>8) ИСК-ны есепке алу және сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық;</p> <p>9) ұйымның келісілген радиациялық-гигиеналық паспортының болуы. Ұ й ы м н ы ң радиациялық-гигиеналық паспорты.</p> | өрескел |
| 15 | <p>ИСК алуға, есепке алуға, сақтауға, пайдалануға және есептен шығаруға қойылатын талаптарды сақтау:</p> <p>1) ИСК-ға паспорттардың (сертификаттардың) және басқа ілеспе құжаттардың болуы;</p> <p>2) ИСК - ны қабылдау-тапсыру актісінің болуы;</p> <p>3) радионуклидтік ИСК-ны беруге, шығындауға және есептен шығаруға талаптардың болуы;</p> <p>4) түгендеу актісін ресімдеумен ИСК-ға түгендеуді жүргізу;</p> <p>5) ИСК-ны уақытша сақтауға арналған жеке үй-жайлардың немесе арнайы бөлінген орындардың көзделуі және сәйкестігі;</p> | өрескел |

| | | |
|----|--|---------|
| | 6) ИСК-ны сақтауға арналған құрылғының көзделуі және сәйкестігі. | |
| 16 | <p>Радиоактивті қалдықтарды (бұдан әрі – РАҚ) жинауға, уақытша сақтауға, тасымалдауға және көмуге қойылатын талаптарды сақтау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бекітілген РАҚ-пен жұмыс жасау схемасының болуы; 2) РАҚ-ты жинауға, сақтауға және тапсыруға жауапты тұлға туралы бұйрықтың болуы; 3) қатты және сұйық РАҚ-ты жинауға арналған арнайы жинау контейнерлерінің және ыдыстардың болуы; 4) РАҚ-ты уақытша сақтауға арналған жеке үй-жайлардың немесе арнайы бөлінген орындардың көзделуі және сәйкестігі; 5) уақытша сақтау орындарында РАҚ-ты сақтау ережелері мен ұстау мерзімдерін сақтау; 6) РАҚ-ты тасымалдауға арналған арнайы қаражаттың болуы. | өрескел |
| 17 | <p>Объектіде және одан тыс жерлерде сәулелену көздерін пайдалануға, физикалық қорғауға және ИСК қозғалысына бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау. Қажетті жерлерде радиациялық қауіптілік белгілерін, жүргізілетін жұмыстар классының сілтеуіштерін көздеу, дайындаушы зауыттардың технологиялық жабдықты қорғауға техникалық жарамдылығы туралы</p> | өрескел |

| | | |
|-----------|---|----------------|
| | <p>актілермен, ИСК-ны сақтауға және тасымалдауға, жеке және ұжымдық радиациялық қорғанышқа арналған қаражатқа құжаттаманың болуы.</p> | |
| <p>18</p> | <p>Персоналдың радиациялық қауіпсіздік бойынша талаптарды сақтауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) персоналдың радиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша арнайы дайындығын растайтын құжаттарының болуы; 2) персоналдың тиісті алдын ала және мерзімдік медициналық қарап тексеруден өтуін растайтын құжаттардың болуы; 3) журналда тіркеумен радиациялық қауіпсіздік бойынша нұсқаулықты жүргізу; 4) жеке дозиметрлерді көздеу және қолдану; 5) персоналдың ақаусыз жылжымалы және жеке радиациялық қорғаныш құралдарының болуы; 6) радиоактивті ластануға бақылауды ұйымдастыру: жұмыс беттерінің, жабдықтың, жеке қорғану құралдарының, тері жабындысының және персонал киімінің радиоактивті заттармен ластану деңгейлерін өлшеу; жұмыс үй-жайлары ауасында газдар мен аэрозолдердің көлемді белсенділігін анықтау; радиоактивті заттардың төгілу және шығарылу белсенділігін өлшеу немесе бағалау; санитариялық-қорғаныш аймағында және бақылау аймағында қоршаған орта | <p>өрескел</p> |

| | | |
|----|--|---------|
| | <p>объектілерінің радиоактивті ластану деңгейлерін анықтау;</p> <p>7) дезактивацияны жүргізуді көздеу;</p> <p>8) туындаған апат туралы шұғыл хабарлауды көздеу. Дезактивтендіру бойынша талаптарды сақтау.</p> | |
| 19 | <p>Пациенттердің радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтау:</p> <p>1) зерттеуге және терапевтік процедураларға жолдаманың болуы, олардың негіздемелері, дәлелді бас тартулар;</p> <p>2) пациенттердің жеке дозаларын тіркеу және есепке алу құжаттамасын жүргізу;</p> <p>3) пациенттердің ақаусыз жылжымалы және жеке радиациялық қорғаныш құралдарының болуы;</p> <p>4) тері-фокусты арақашықтықтардың ең аз параметрлерін сақтау.</p> | өрескел |
| 20 | <p>Ақаусыз стационарлы және көшпелі ультракүлгін сәулелендіргіштердің немесе басқа кондырғылардың болуы, мерзімі өткен бактерицидтік сәулелендіргіштерді есепке алу журналының болуы және жүргізу.</p> | өрескел |
| 21 | <p>Персоналдың арнайы киімінің, жеке қорғану құралдарының болуы және қамтамасыз етілуі (келесі партияны сатып алғанға дейін жетістігін бағалау).</p> | өрескел |
| | <p>Медициналық қызметтерді көрсету кезінде қол гигиенасына</p> | |

| | | |
|----|--|---------|
| 22 | <p>арналған жағдайдың болуы:</p> <p>1) білектен қосылатын крандардың, дозаторлардың болуы;</p> <p>2) сұйық антисептикалық сабынмен, бір рет пайдаланатын қағаз сүлгілерімен қамтамасыз ету.</p> | өрескел |
| 23 | <p>Медициналық манипуляциялар және инвазиялық процедуралар санын ескерумен бір рет пайдаланатын медициналық бұйымдардың, колғаптардың көзделуі және қолданылуы.</p> | өрескел |
| 24 | <p>Персоналды қалдықтармен жұмыс істеу кезінде эпидемиялық қауіпсіздік қағидаларына және медициналық персоналды В вирусты гепатитпен, Д вирусты гепатитпен және С вирусты гепатитпен кәсіби жұқтырылудың алдын алу бойынша оқытуды растайтын құжаттардың болуы</p> | елеулі |
| 25 | <p>Кір жуу орнын арнайы жабдықпен жабдықтау, төсек жабдықтарының қозғалыс бірізділігін сақтау (немесе мамандандырылған ұйыммен шарт жасасу).</p> | елеулі |
| | <p>Медициналық қалдықтармен қауіпсіз жұмыс жасау бойынша шарттардың сақталуын растайтын құжаттардың болуы:</p> <p>1) медициналық қалдықтармен қауіпсіз жұмыс жасау схемасының болуы;</p> <p>2) қалдықтармен жұмыс жасау бойынша</p> | |

| | | |
|----|---|---------|
| 26 | <p>ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыратын жауапты тұлға туралы бұйрық;</p> <p>3) гигиеналық оқыту және нұсқаулық туралы мәліметтер;</p> <p>4) медициналық қалдықтарды күн сайын есепке алу журналы;</p> <p>5) таңбалауды сақтаумен қауіпсіз жинау және кәдеге жарату (контейнерлер) үшін тиісті контейнерлермен және пакеттермен қамтамасыз етілуі;</p> <p>6) таңбалауға сәйкес қатаң сақтаумен медициналық қалдықтарды контейнерлерде жинауды жүзеге асыру;</p> <p>7) медициналық қалдықтарды сақтау мерзімдерін сақтау.</p> | өрескел |
| 27 | <p>Медициналық қалдықтарды уақытша сақтау үй-жайының гигиеналық нормативтерге сәйкес жабдықталуы.</p> | өрескел |
| 28 | <p>Медициналық қалдықтарды залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға арналған арнайы қондырғылардың көзделуі және санитариялық нормаларға сәйкестігі немесе мамандандырылған ұйыммен шарттың болуы</p> | өрескел |
| 29 | <p>Медициналық бұйымдарға дезинфекция жүргізу жағдайларын сақтау, таңбаланған ыдыстардың, дезинфекциялаушы заттардың жұмыс ерітінділерінің болуы.</p> | өрескел |
| | <p>Медициналық мақсаттағы бұйындарды</p> | |

| | | |
|----|---|---------|
| 30 | стерилдеу алдындағы тазалау, стерилдеу талаптарының сақталуы. | өрескел |
| 31 | Паспорт бойынша жол берілетін шектен асатын жүктемелер мен қысымдар кезінде стерилдеу жабдығын пайдалануға жол бермеу. | өрескел |
| 32 | Персоналдың оқуы туралы және қысыммен жұмыс істейтін аппаратурамен (бу стерилизаторлары) жұмысқа техникалық рұқсаты туралы құжаттардың болуы. | өрескел |
| 33 | Болжау оргалықтарында зеңге ұқсас ауруларды (ЗҰА) болжаушы эпидқадағалау жүйесінің, ұйымның алгоритмін орындауды растайтын құжаттардың болуы: 1) стандартты анықтамаға және аурудың ұзақтығына сәйкес келетін ЗҰА жағдайларын есептеу; 2) зертханалық тексеруге ЗҰА наұқастарынан материал алу. | өрескел |
| 34 | Инфекциялық және паразиттік аурулардың есепке алынуын және тіркелуін растайтын құжаттардың болуы. Шұғыл хабарламаларды уақытылы беру және инфекциялық және паразиттік сырқаттанушылықты тіркеу кезінде хабарлау. | елеулі |
| 35 | Карантиндік, аса қауіпті инфекцияларға (оба, тырысқак) күдік және тіркеу кезінде індетке қарсы іс-шараларды жүргізу бойынша жедел іс-шаралар жоспарының, хабарландыру схемасының болуы. | өрескел |
| | | |

| | | |
|----|--|---------|
| 36 | Обамен ауыратын шартты науқасты енгізумен семинар және жаттығу сабақтарын жүргізу туралы бұйрықтың болуы. | елеулі |
| 37 | Материал алуға арналған тиісті жинақпен, дезинфекциялаушы құралдармен, тұз ерітінділерімен және қорғаныш костюмдер жинағымен, жеке алдын алу құралдарымен, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуі, қорғаныш костюмдерін өңдеуге арналған ыдыстардың болуы. | өрескел |
| 38 | Туберкулезбен сырқаттанудың жоғары тәуекелі бар халық арасында туберкулинодиагностика, жұғынға, қақырыққа микроскопия жасау әдістерімен туберкулезді ерте анықтау бойынша іс-шараларды жүргізуді растайтын құжаттардың болуы, аурудың клиникалық белгілері бар тұлғалар, науқастар арасында флюорографиялық көрсеткіші оң тұлғаларды қосымша тексеруді қамтамасыз ету. | өрескел |
| 39 | Туберкулез ошақтарында қатынасқан тұлғаларды уақытылы тексеруін, химиялық алдын алуды жүргізуді, туберкулез ошақтарындағы балалар мен жасөспірімдерді оқшаулауды, ауырып шыққан тұлғаларды есепке алу және оларды уақытылы тексеруді, туберкулезбен ауыратын науқастарды тікелей | өрескел |

| | | |
|----|---|---------|
| | бақылау емдеу кабинеті жұмысын растайтын құжаттаманың болуы. | |
| 40 | Туберкулиндиагностиканы, профилактикалық медициналық қарап тексерулерді жоспарлау және есепке алу, халықты жеке есепке алу деректері бойынша флюорокартотеканы құру бойынша құжаттаманың болуы | өрескел |
| 41 | Жануарлардың тістеуінен, сілекейлеуінен зардап шеккен тұлғаларға антирабиялық көмек көрсетуді растайтын құжаттардың болуы (антирабиялық көмекті көрсетудің уақытылығы және негізделуі) | өрескел |
| 42 | Сіреспенің шұғыл алдын алуды жүргізуді (травматологияда) растайтын құжаттардың болуы, шұғыл иммундауды уақытылы көрсету, есепке алу және егулерді, медициналық қарсы көрсетілімдерді және егуден бас тартуларды негіздеу. Сіреспеге қарсы препараттармен қамтамасыз етілуі. | өрескел |
| 43 | Халықты профилактикалық егулермен қамтуға талдау жүргізуді растайтын құжаттардың болуы. Халыққа профилактикалық егулерді жүргізуге қойылатын қағидаларды сақтау (препаратты енгізу тәсілі мен орны, егуді жүргізу алдында егілетін тұлғаны қарап тексеру) | өрескел |
| | Егу кабинетін жабдықтау, қауырт және шокқа қарсы терапия жинақтарымен | |

| | | |
|----|---|---------|
| 44 | қамтамасыз етілуі. 063/у нысанды картотекасын, профилактикалық егулер жоспарларын жүргізу | өрескел |
| 45 | Профилактикалық егулерді жүргізу мерзімдерін сақтау, өз еркімен келісуді ресімдеу , жүргізілген егулерді, егулерге әсерлерді есепке алу, егілген тұлғаға белгіленген мерзімдерге бақылауды ұйымдастыру | өрескел |
| 46 | Медициналық қызметкерде егулерді жүргізуге рұқсатының болуы, егулерді жүргізу техникасы ережелеріне, иммундаудан кейін туындаған жағымсыз әсерлер дамыған жағдайда қауырт көмек көрсету тәсілдеріне оқытылуы, медициналық құжаттаманы жүргізу (есептік нысандарға вакцина туралы мәліметтерді енгізу, иммундық биологиялық препараттардың қалдықтарын жою) | өрескел |
| 47 | Тиісті контингентті А ВГ , В ВГ, тұмауға қарсы вакциналауды растайтын құжаттардың болуы, биологиялық сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде сақтық шараларын сақтау | өрескел |
| 48 | ЖРВИ, тұмау кезіндегі іс-шараларға және олардың асқынуларына қойылатын талаптарды сақтау: 1) "филтрдің", жабдықтың, негізгі тұмауға қарсы және басқа препараттар қорының болуы; 2) тұмауға қарсы вакциналауды жүргізу; 3) ЖРВИ, тұмау жағдайларын және | өрескел |

| | | |
|----|---|---------|
| | <p>олардың асқынуларын есепке алу, зертханалық зерттеулерге материалды уақытылы алу;</p> <p>4) науқастардан материалды алуға арналған шығын материалдары және көлік ортасы қоры;</p> <p>5) медициналық персоналдың жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.</p> | |
| 49 | <p>Менингококк инфекциясын ескерту жөніндегі профилактикалық және індетке қарсы іс-шараларды жүргізуді растайтын құжаттардың болуы (профилактикалық ем, қатынасқандарға медициналық бақылау, реконвалесценттерге диспансерлік бақылау, профилактикалық мақсатпен зертханалық тексеру)</p> | өрескел |
| 50 | <p>Инфекциялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша құжаттаманың болуы және жүргізу.</p> | өрескел |
| 51 | <p>Патогендігі I-IV топтағы микроағзалармен және гельминттермен жұмыс жасауға биологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауды бақылау жөніндегі тиісті комиссия рұқсатының болуы.</p> | өрескел |
| 52 | <p>Жүргізілетін зерттеулерге сәйкес жабдықпен, мүкәммалмен, зертханалық ыдыс-аяқпен, реактивтермен, ортамен қамтамасыз етілуі, сақтау шарттары мен мерзімдерін сақтау</p> | өрескел |
| | | |

| | | |
|----|--|---------|
| 53 | Бактериологиялық зертханаларда туберкулезге бактериоскопиялық зерттеулерге арналған жеке үш секцияның болуы (жұғындарды, бактериоскопияны дайындау, сырлау, препараттарды тіркеу және сақтау). | өрескел |
| 54 | Иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық препараттарды сақтау, тасымалдау, қолдану және есепке алу бойынша талаптардың сақталуын растайтын құжаттаманың болуы және жабдықпен жабдықталуы. Иммундық биологиялық препараттарды сақтау, тасымалдау және қолдану жөніндегі қалыпты операциялық процедуралар талаптарының сақталуы | өрескел |
| 55 | Алдын ала және/немесе кезеңдік медициналық қарап тексеруді вакциналауды және қызметкерлерге маркерлі диагностиканы жүргізуді растайтын құжаттардың болуы, оң нәтижесі бар тұлғаларды жұмыстан уақытылы шектету. | өрескел |
| 56 | Зертханалық зерттеулер нәтижелерінің нормаларына сыртқы ортадан алынған жұғындардың, судың, ауаның, дезинфекциялаушы заттардың, стерилдеуге сынамалардың, зертханалық-аспаптық өлшеулердің сәйкестігі | өрескел |
| 57 | Бекітілген өндірістік бақылау | өрескел |

| | | |
|----|--|---------|
| | бағдарламасының болуы. Оның орындалуын талдау | |
| 58 | Дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды уақытылы жүргізуді растайтын құжаттардың болуы. Көзбен көріп бақылау кезінде кеміргіштер мен жәндіктердің тіршілік әрекетінің болмауы | өрескел |
| 59 | Қоғамдық орындарда темекі бұйымдарын тұтынуға тыйымды сақтау | өрескел |
| 2 | Дәрілік препараттарды дайындау объектілері | |
| 1 | Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы | өрескел |
| 2 | Үй-жайларды функциялық аймақтандыру режимін сақтау | өрескел |
| 3 | Ақаусыз ыстық және суық сумен қамтамасыз ету, су бұру жүйелерінің болуы. Орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету болмағанда, су қыздырғыштарының үзіліссіз жұмыс істеуінің болуы. | өрескел |
| 4 | Кәріздендірілмеген және ж а р т ы л а й кәріздендірілген елді мекендерде жергілікті және шығару тазалау жүйесінің болуы | өрескел |
| 5 | Жергілікті және жалпы жасанды жарық жүйелері , жабық типтегі шамдар жағдайының жарамды болуы | өрескел |
| 6 | Желдету, ауа баптау, жылытудың жарамды жүйелерінің болуы, микроклиматқа | өрескел |

| | | |
|----|--|---------|
| | қойылатын талаптарды сақтау | |
| 7 | Үй-жайлардың ішкі әрлену жағдайы. Жабынды ақаулардың болуы және уақытылы жою | өрескел |
| 8 | Жарамды стационарлы және көшпелі ультракүлгін сәулелендіргіштердің немесе басқа кондырғылардың болуы, бактерицидтік сәулелендіргіштердің мерзімінің өтуін есепке алу журналын жүргізу | елеулі |
| 9 | Асептикалық блокта жұмыс істеген кезде арнайы киім жинағының болуы, санитариялық киім мен аяқ-киімнен 2 жинақтың болуы, сақтау шарттарының болуы | елеусіз |
| 10 | Дәріханалық ыдыс-аяқты, мүкәммалды, құралдарды, соның ішінде дистиллятордың құбыр желілерін технологиялық өңдеу процесі бойынша құжаттаманың болуы және жүргізу | елеусіз |
| 11 | Тазартылған суды және инъекцияға арналған суды дайындау бойынша нұсқаулықтың болуы | елеусіз |
| 12 | Жеке сақтауға арналған жағдайлардың болуы және персоналдың арнайы киіммен, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуі | елеулі |
| 13 | Медициналық қызметтерді көрсету кезінде қол гигиенасына жағдайлардың болуы: 1) білектен қосылатын крандардың, дозаторлардың болуы; 2) сұйық антисептикалық сабынмен, антисептиктермен, бір | елеулі |

| | | |
|----|---|---------|
| | рет пайдаланылатын қағаз сүлгілерімен камтамасыз етілуі. | |
| 14 | Кір жуу орындарын арнайы жабдықпен жабдықтау, төсек-орын қозғалысы бірізділігін сақтау (немесе мамандандырылған ұйыммен шарт жасасу) | елеулі |
| 15 | Алдын ала және/немесе мерзімдік медициналық қарап тексеруді жүргізуді растайтын құжаттардың болуы | өрескел |
| 16 | Зертханалық зерттеу нәтижелері: қоршаған орта объектілерінен, судан, ауадан, дәрілік заттардан, дәріхана ыдыстарынан стерилдікке жұғындар, зертханалық-аспаптық өлшеулер | өрескел |
